

Қ. Сарқытқан<sup>1\*</sup> , З. Дунбаева<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>№126 мамандандырылған лицей, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: kaster0102@mail.ru

## ГЕОСАЯСИ МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСҚАН ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІ: ӘЛЕМДІК КӨЗҚАРАСТАР КОНТЕКСТІНДЕ

Мақалада Қазақстан және Орталық Азия аймағындағы мемлекеттердің бүгінгі геосаяси жағдайы қарастырылады. Ашығын айтқанда, саяси, экономикалық және тарихи-географиялық жағдайлары талқыланады. Мақалада Орта Азияда қоныстанған елдерінің қазіргі күндегі геосаяси жағдайының ерекшелігіне сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне ықпал жасайтын мемлекеттер туралы айтылады. Бұл ірі елдердің сыртқы саясатының ұстанымдарын сол мемлекеттердің ресми басылымдарында жарық көрген ғылыми әдебиеттер мен саяси көзқарастар негізінде мысалы, ағылшын, қытай, орыс және түрік тілдері бойынша өзара салыстыру тұрғысынан зертелді. Сондай-ақ бұл мақалада Орта Азияда қоныстанған елдердің мемлекет ретінде қалыптасу тарихы, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, даму болашағы жан-жақты көрсетіледі. Осы арқылы аймақтағы елдердің қазіргі дүниежүзі бойынша ықпалды мемлекеттердің көп жақтылы саяси-әскери, экономикалық және мәдени мүдделері тоғысқан өңір екендігіне көз жеткізуге болады. Себебі мақала тек отандық немесе аймақтағы өзге түркі тілдес елдердің ғылыми ортасының ұстанымы тұрғысынан емес, кең, ауқымды әлемдік кеңістіктің ғылыми көзқарасымен сәйкес қарастыруды мақсат етті.

Мақаланың теориялық негізіне шетелдік және отандық ғалымдар мен саясаткерлердің халықаралық қатынастар, саяси және экономикалық интеграция, сауда, инвестиция, сыртқы саясат саласындағы зерттеулері алынды. Мақсаты мен міндетін ашу үшін тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық және салыстырмалы талдау, индукциялық және дедуктивтік әдістер қолданылды.

Қорыта айтқанда, Орталық Азия өңіріндегі әлемдік деңгейдегі ірі елдердің мүдделерінің ұзақ уақыттан бері алма-кезек үстем түсіп отырғаны тарихи тұрғыда ашып көрсетілуі болып табылады. Бұл алпауыт мемлекеттердің бұл өңірге деген қызығушылықтарының тарихының тым ертеден басталғанын көрсетеді. Сондықтан бұл ірі елдердің осы өңірдегі мемлекеттер туралы зерттеулері бұрыннан бар және уақыт өткен сайын жалғасып келеді. Әрбір ел өзінің мүддесін жақтап ғылыми зерттеулер жасайды және өз мүддесіне сай келетін ақпараттармен бөлісіп отыр. Сондықтан әртүрлі елдердің ұстанымдары мен көзқарастарын сол елдің тілінде жарық көрген ғылыми әдебиеттермен байланыстырып зерттеудің маңызы зор. Бұл – мақаланың өзіндік ерекшелігі.

**Түйін сөздер:** геосаясат, Орталық Азия елдері, мүдделер тоғысуы, экономикалық интеграция, саяси тұрақсыздық.

K. Sarkytkan<sup>1,\*</sup>, Z. Dunbaeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Specialized Lyceum №126, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: kaster0102@mail.ru

### Central Asian countries in the Intersection of Geopolitical interests: in the context of world views

The article aims to study the geopolitical situation of Central Asian countries at the present stage in economic, geographical, historical and political terms. The analysis was also carried out based on a comparison of scientific and political literature published in the languages of each country (English, Chinese, Russian and Turkish). In the article, by studying the history of the formation, current state, and prospects of developing the region's countries, we tried to establish that the Central Asian region has long been a region where many countries' political and economic interests converge. To this end, we decided to consider the study not only from the point of view of the scientific environment of Kazakhstan or the countries of the region but also on a global scale.

The theoretical basis of the article was the research of foreign and domestic scientists and politicians in international relations, political and economic integration, trade, investment, and foreign policy. Historical-geographical, archival, narrative, statistical and comparative analysis, and induction and deductive methods were used to reveal the purpose and task.

In short, It is known that the interests of major world-class players in the Central Asian region are intertwined not only today but also the history of their interests dates back to a long time ago. Each major player can conduct research and disseminate information in the framework of their interests in the region. Therefore, it is essential to study the positions and views of different countries. This is a distinctive feature of the article.

**Key words:** geopolitics, central Asian countries, conflict of interests, economic integration, political instability.

К. Сарқытқан<sup>1,\*</sup>, З. Дунбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Специализированный лицей №126, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: kaster0102@mail.ru

### **Страны Центральной Азии на пересечении геополитических интересов: в контексте мировых взглядов**

Статья направлена на изучение геополитического положения стран Центральной Азии. А именно обсуждаются политические, экономические и историко-географические условия. В статье говорится о государствах, влияющих на особенности современного геополитического положения стран, расположенных в Центральной Азии, а также вопросы социально-экономического развития. Внешнеполитические позиции этих крупнейших стран изучались на основе научной литературы и политических взглядов, опубликованных в официальных изданиях этих стран, например, на английском, китайском, русском и турецком языках. Также в данной статье представлена история образования государств Центральной Азии, современная социально-экономическая ситуация и перспективы развития. Благодаря этому можно убедиться, что страны региона являются регионом, где встречаются многосторонние военно-политические, экономические и культурные интересы влиятельных государств мира. Это связано с тем, что в статье была поставлена задача рассмотреть его не только с позиции научной среды отечественных или других тюркоязычных стран региона, но и с точки зрения научной среды общемирового масштаба.

Теоретическая часть статьи основана на исследованиях зарубежных и отечественных ученых, также использовались исследования политиков в области международных отношений, политической, экономической интеграции, торговли, инвестиций, внешней политики. Для раскрытия цели и задачи были использованы историко-географические, архивные, повествовательные, статистические, сравнительные, индуктивные и дедуктивные методы.

В итоге, важным аспектом статьи является историческое раскрытие того факта, что интересы стран мирового уровня в центральноазиатском регионе на протяжении длительного времени чередовались. Это свидетельствует о том, что история интересов крупных государств в этом регионе берет свое начало с давних времен. Поэтому исследования этих крупных стран о государствах этого региона ведутся давно и продолжаются по сей день. Каждая страна проводит научные исследования в своих интересах и распространяет информацию, отвечающую его интересам в регионе. Поэтому важно изучать позиции и взгляды разных стран, связывая их с научной литературой, изданной на языке этой страны. Это своеобразная особенность статьи.

**Ключевые слова:** геополитика, страны Центральной Азии, конфликт интересов, экономическая интеграция, политическая нестабильность.

### **Кіріспе**

Аймақтың ежелден бері империялардың саяси ойын алаңы ретінде қарастырылып келгені белгілі. Таяу заман тарихын парақтайтын болсақ, Англияның өзі аталған аймаққа ықпал ету үшін біраз белсенді қадамдар жасады. Одан соң орыс экспедицияларының іс-қимылдары күшейді. ХІХ ғасырдың аяғынан бастап, Германия, Франция, Жапония, АҚШ және басқа да Батыс

елдерінің зерттеушілері көптеп келіп, өз мақсаты үшін жұмыстарын белсенді жүргізді. Бұл өркениеттен алыс жатқан ішкі азиялық бейтарап аймақтың қоғамдық өмірін күрделендіріп жіберді. Бірақ аймақ елдері өздерінің ұлттық тәуелсіздігін алған соң, саяси, экономикалық, қауіпсіздік тұрғысынан белсенді еңбек етті. Азды-көпті нәтижелерге де ие болды. Алайда, айналасындағы ықпалды елдердің әсерінен құтылып кеткен жоқ. Бүгінгі таңда дүниежүзінің геэкономика-

лық және геосаяси жүйесіне әсер етіп отырған санаулы елдер бар. Біз олардың қатарына Қытай Халық Республикасы (ҚХР), Ресей Федерациясы (РФ), Америка Құрама Штаттары (АҚШ), Үндістан Республикасы, Түркия Республикасы, Иран Ислам Республикасы қатарлы елдерді жатқызамыз. Сонымен бірге, аталмыш өңір үшін маңызды бір ел бар. Ол – Ауғанстан Ислам Әмірлігіде (Ауғанстан). Міне, осы елдер – аймаққа жан-жақты әсер етуші күштер. Десе де, ірі державалардың аймақтағы ықпал ету бәсекесіне талдау жасап қарайтын болсақ, бұл бәсекелестік негізінен АҚШ, Ресей, Қытай елдері арасында өте белсенді жүріп жатқанын аңғару қиын емес. Мәселен, бізге көрші ҚХР алып қарайтын болсақ, ол елді зерттеу Қазақстан және Орталық Азия елдері үшін аса өзекті. Себебі бұл елдің экономикалық әлеуеті осы өңірдегі елдердің дамуы үшін алдыңғы шарттың біріне айналып үлгерді. Бұл тек аймақтағы мемлекеттер үшін ғана емес, дүниежүзінің көптеген елдеріне тән ортақ құбылыс болып қалыптасып отыр.

Ал Ресей Федерациясына келер болсақ, Орта Азия елдері үшін оның ықпал-күші бұрыннан бар, әрі жалғасты сақталып отырған мемлекет. Өзін келмеске кеткен Кеңес Одағының заңды мұрагері деп ойлайтын РФ-ның саяси-әскери және мәдени-экономикалық ықпалы арқылы өңірдің тәуелсіз жас республикаларын өзінің ықпал ету кеңістігінде ұстап, мүмкін болса, қайтадан құрамына алғысы келеді. Ол үшін Кремль түрлі айла-тәсілді істетіп отыр. Жұмсақ күшті де, қарулы күшті де. Мысалы аймақтағы мемлекеттердің басшылары немесе олардың отбасы, тіпті жақын адамдарының экономикалық мүдделерін өздеріндегі білікті бизнесмендердің іскерлігіне «арқандап» отыр (Maximilian Hess. 2020). Егемендіктен соңғы кездегі экономикалық дағдарыс осы өңірдегі елдердің өндіріс өнімділігін төмендетті. Тұрғындарының күн көрісі қиындап кетті. Соның салдарынан көптеген азаматтар РФ-на барып жалдамалы жұмыс істеуге мәжбүр болды. Қазақстан азаматтары да соңғы жылдары шетелдік елдерге жұмыс күші ретінде көптеп ағылуда. Оның үстіне Қазақстанның экономикасы РФ-на көптеп тәуелді. Оның өзі ауылшаруашылық өнімдері нарығында, дәрі-дәрмек саласында және өзге де шаруашылық салаларында да кездеседі. Қазақстанның ұлттық валютасы Ресей валютасына бағынышты. Себебі Қазақстандағы ұлттық валютаның құнсыздануының барлық кезеңдерінде Ресей валютасының құнсыздануының әсері басым болды. Әсіресе, Ресей-Украина арасындағы қақтығыстың әсері

Орталық Азия елдерінің жалпы экономикасына, инфляцияның өсіміне және ұлттық ақшасының құнсыздануына зор ықпал етті.

Америка Құрама Штаттарының әсері тәуелсіздіктің орнауымен жанданды. Әр қадамын есеп пен әрі мақсатты түрде жасайтын әлемнің бірінші экономикасы бұл өңірдегі елдерге өзінің саяси міндетін біртіндеп бастады. АҚШ-тың стратегиялық мүддесі айқын әрі нақты белгіленген. Нақты айтқанда, АҚШ-пен еркін әрі тұрақты саяси-қауіпсіз әрі экономикалық тиімді тұрғыда жұмыс жасайтын Орталық Азияны құру (United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020). Осының өзі ол елдің айқын көзқарасын айқындап тұрғандай. АҚШ-тың аймақтағы әсерінің екінші кезеңі АҚШ қарулы күштерінің Ауғанстанға келуімен басталды. Орталық Азияға бір табандап жақындаған алпауыт ел осы өңірдегі елдермен байланысын жан-жақты өркендете түсті. Бірақ, өздерінің бір тұтынушы немесе бағынышты аймағы санайтын елдерде Американың әсерінің артуына ҚХР мен РФ-ның қарсылығы күшейе түсті. Бұл қарсылықтың басты көрінісі ретінде – құрылған «Еуразиялық экономикалық одақ» пен маңызды стратегиялық жоба «Бір жол, бір белдеудің» нақты атқарылуын атауға болады. Шын мәнінде бұл екі қарсы фактордың (Еуразиялық экономикалық одақ және Бір жол, бір белдеу бағдарламасы) әсері күн сайын артып келеді. Осы стратегиялық жоспарларының арқасында Ресей мен Қытайдың мақсаты негізінен орындалғандай болды. Нәтижеде аймақ елдерінің Батыс елдерімен арадағы қалыптасып, дамып келе жатқан көп жақтылы қарым-қатынастары тоқырап қалды.

Әлемдік геосаясаттың үздіксіз құбылуы алдағы уақыттағы дүниежүзілік саясаттың қандай бағытта өзгеруін болжауды қиындатып жіберді. Мысалы, АҚШ-тың Ауғанстаннан қарулы күштерін алып кетуі Құрама Штаттардың бұл аймаққа қаратқан «қызығушылығы» біртіндеп азайып бара жатқандай әсер етіп отырғаны анық. Алайда, АҚШ аймақ елдерін Ресей мен Қытайдың билеп-төстеуіне «тастап» кетуден де сақсынады. Сондай-ақ АҚШ «Бір белдеу, бір жол» бойындағы елдер мен Қытайдың өзге де маңызды экономикалық серіктес елдері тұрғындарының арасында кең тарап жүрген «Қытай қаупі» түсінігінен де барынша ұтымды пайдаланып келеді. Нәтижеде, ресми Пекиннің Қытай мен «Бір белдеу, бір жол» бойындағы елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастық жоспарының жүзеге асуына кедергілер жасауда (Глисон Г. 2021).

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйенгенде, аталған «үштік» арасындағы бәсеке бүкіл аймақтың даму барысына аса зор ықпал ететінін байқауға болады. Біздің бұл пайымдауымызды Үнді саясаткері Шахнаваз Қадридің (Shahnawaz Qadri) «Орталық Азия интеграциясы және аймақтық даму. Үлкен Орталық Азиялық көзқарас» атты сараптамалық еңбегінде жазған мынадай тұжырымымен сәйкестендіруге болады: «Thus within cooperation among China and Russia over the geopolitics of oil and energy is growing a deep conflict over Greater Central Asian region due to great powers desire wanting to influence the region. The net configuration has been a camp division of U.S.-West on one side and the Russia-China on the other side. Seen within the GCA approach great powers invest in the Greater Central Asia (Central Asian and South Asian-Afghanistan countries) signifies a fight leading to 11 conflict. Whereas the regional players like Russia, China play a cooperative role at least to block U.S. expansion leads to conflict. India's role of using the GCA approach has tried to integrate borders and economy of Central Asia and South Asia leading to greater regional development» (Sh.Qadri, 2017). Мазмұндық аудармасы: Қытай мен Ресейдің мұнай және энергетика саласындағы геосаяси ынтымақтастығы секілді ірі державалардың аймаққа ықпал ету ниетінің артуы Үлкен Орталық Азия (ҰОА) аймағында ауқымды қақтығыстарды күшейте түсері анық. Соның нәтижесінде желілік конфигурация бір жағында АҚШ бастаған Батыс елдерінің екінші жағында Ресей-Қытай лагерінің ықпалында болатын екі топқа бөлінуі мүмкін. Үлкен Орталық Азияға тұрғысынан қарастырар болсақ, ірі елдердің ҰОА-ға (Орталық Азия және Оңтүстік Азия және Ауғанстан елдерін қамтиды) инвестиция салуы көптеген қақтығыстарға әкелетін күресті білдіреді. Бұл жерде Ресей мен Қытай сияқты аймақтық ойыншылардың ынтымақтастығы түптеп келгенде, АҚШ-тың кеңеюіне тосқауыл қоюы болғандықтан, ынтымақтастықтар қақтығыстарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Ал Үндістан Орталық және Оңтүстік Азияның шекаралары мен экономикасын біріктіп, аймақтың дамуына оң ықпал жасайтын рөл атқарады.

Маңызды бір мәселе – Орталық Азия аймағындағы 5 елдің бәрінің түркі тілдес ел болмауы. Бұның өзі бір қарағанда аса маңызды дүние еместей көрінеді. Бірақ іс жүзінде оның да белгілі деңгейде геосаяси тұрғыда әсері бар. Себебі, Тәжікстанның парсы тілді ел болуы ортақ мақсаттағы түркі тілдес елдердің ұйысуына

байланысты кейбір ұстанымдар мен келісімдерге қарсы келуі мүмкін. Осындай жағдайда, Тәжікстанмен арадағы сыртқы саясатты қалай жүргізу керектігі маңызды мәселе болып ортаға шығары анық. Түркі тілдес елдер арасында Түркия Республикасының ықпалы мен әлеуеті жоғары. Сондықтан Орта Азияның түркі тілдес елдері мен Түркия арасында өзара мүдделестік пен ықпалдастық қатар сақталып отыр. Нәтижеде, Түркияның аймақ едерімен көп жақтылы қарым-қатынасы жыл өткен сайын дамып келеді. Бұл беталыс бүгінгі таңда түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы мен аймақ елдерінің тәуелсіздігін баянды етуде шын мәнінде маңызға ие. Бұған «Түркі кеңесінің» біртіндеп «Түркі тілдес елдер ұйымына» айналғаны дәлел болады. Алдағы уақытта бұл ұйымның экономикалық одақ, тіпті әскери одақ болуы да мүмкін. Себебі жоғарыда атап өткеніміздей қазіргі геосаяси жағдайды болжап білу мүмкін болмай барады.

Жоғарыда айтылғандай Орта Азиядағы түркі тілдес елдер қатарында Тәжікстанның болуы осы аймақтағы келесі маңызды ел – Иран Ислам Республикасының әсерін тіпті де арттыра түсуі бек ықтимал. Ал Иран мемлекеті географиялық тұрғыдан аталмыш өңір үшін ежелгі көрші ел. Олардың арасында тарихтан бері қалыптасқан саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани үндестік бар. Десе де Кеңес Одағының әсерінде өзінің түпкі тегінен ажырап қалған аймақтағы елдер үшін Иранның рухани және мәдени құндылықтар тұрғысынан белгілі мөлшерде берері бары түсінікті. Алайда неше ондаған жылдар бойы Батыс елдерінің экономикалық санкциясы салдарынан экономикалық және әскери қуаты жағынан біршама артта қалған Иранның аймақ елдері үшін ықпалы өзге көршілеріне қарағанда әлсіз болуы мүмкін. Десе де аймақтың саяси тұрақтылығының сақталуы үшін маңызды мемлекеттің бірі деп айтсақ артық емес.

Өзгермелі заманда тарих сахнасына түрлі елдердің келіп-кетері анық. Бұл да заманның бір ағысы. Тарихта талай мемлекеттің дәурендеп, талай елдің жоғалуына куә болған Орта Азия даласына әсер етуші елдер де біртіндеп жаңарып жатыр. Соның бірі – Үндістан. Үндістан – қазіргі күні дүниежүзі бойынша халық саны ең мол, экономикасы жақсы дамып келе жатқан ірі елдің бірі, әрі үлкен тұтыну нарығы болып қалмастан, Азияның оңтүстік белдеуіндегі маңызды логистикалық-көліктік тасымал жүйесі болып саналады. Сондықтан бұл елмен байланысты жан-



дандыру, өңірдегі мемлекеттердің бәріне ортақ талпыныс деп бағалауға болады.

Аймақтағы енді бір ықпалды-саяси тұрғыда шиеленісті аймақ саналатын Ауғанстан Ислам Әмірлігі. Мемлекет басына талибан күштерінің келуі жалпы аймақ үшін де, әлемдік кеңістік үшін де саяси тұрақсыздықтың бір себебіндей сезілуде. Бірақ экономикалық жақтағы дағдарыс талибтердің әрекет етуіне мүмкіндік бермей отырған сынайлы. Ал олардың өз ұстанымы бар екенін ескергенде уақыты келгенде әрекет етпей тұрмайтынын түсіну қиын да емес.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Орталық Азия елдері мен айналасындағы ірі елдер сондай-ақ экономикалық, саяси ұйымдар және әлемнің шиеленісті аймақтарының қарым-қатынастарын зерттеу үшін көп түрлі, бағыты және нысаны әр келкі материалдар пайдаланылды. Атап айтар болсақ, ғылыми теориялық материалдар ретінде халықаралық қатынастар, саяси және экономикалық интеграция, сауда, инвестиция, сыртқы саясат саласындағы зерттеулерді атауға болады. Бұған, Еуразияның сыртқы саясаттын зерттеу институтының, Орталық Азиядағы стипендиаты және Лондонда орналасқан Enmetena Advisory саяси тәуекел фирмасының негізін қалаушы, «Орталық Азия елдері: ашық егемендіктер», «Орталық Азиядағы нарықтар және саясат» сияқты еңбектердің авторы – Максимилиан Гесстін, Қытайдың сыртқы саясаты мен саясаты бойынша сарапшы және Стокгольм халықаралық бейбітшілік зерттеу институтының бұрынғы директоры, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерін зерттеуші ғалым Бейтс Гиллдің және Қытайдың Орталық Қаржы және экономика университетінің қазіргі президенті, қаржыгер Ма Хай таудың (马海涛) сондай-ақ түркі тілдес елдердің географиясы мен геосаясатын зерттеуші Түркия ғалымы Рамазан Өзейдің және басқа да отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Ғалымдардың еңбегінен тыс, Шахнаваз Қадридің және Үндістанның Қазақстандағы, Швециядағы және Латвиядағы бас елшісі болған Ашок Саджанхар секілді Үндістандық саясаткерлер мен дипломаттардың еңбектері мен пікірлері дәйексөз ретінде қолданылды. Мақалада сонымен бірге мемлекеттік мекемелердің де ақпараттары мен ұстанымдары қарастырылды. Мысалы, АҚШ-тың стратегиялық мүддесі айқын әрі нақты көрсететін АҚШ-тың Орталық Азия туралы ст-

ратегиясы қатарлы. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ашып көрсету үшін тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық және салыстыра талдау, сондай-ақ индукция, дедукциялық әдістерді қолдандық.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Адамзаттың даму тарихында Шығыста көне қытай елі өркениет ошақтарының бірі болып өндірісін өркендетіп, әлемдік сауданың басында тұрды. Оған Жібек жолы сауда бағытының Орталық Азия өлкелері арқылы Батысқа жеткені тарихи дәлел. Бұл тарихи кезеңде аймақтың Батыс пен Шығысты жалғастырушы «көпір» ролін ойнағаны белгілі. Алайда XVI ғасырдағы теңіз жолдарының пайда болуы «Ұлы жібек жолының» әсерінде пайда болған әлемдік сауданың құрлық жолының тағдырын шешкендей болды. Теңіз жолдары саудасы дамып, құрлық жолының саудасы ығыса бастады. Бұған теңіз қатынасының нарқының төмен әрі қауіпсіз болуының да әсері болды. Соның саларынан аталмыш өңір дүниежүзілік сауда нарығынан біртіндеп тысқары қалды да, экономикалық-географиялық тұрғыда оқшауланып қалды. Бірақ, тарихи экономикалық әрі сауда жолы дамыған бұл өлке, кіші Азия мен Орта Азияны Қытаймен байланыстырған сансалалы қарым-қатынасын түбегейлі жоғалтқан емес (Ақметжанов Д., Алимжанова А, 2019).

Орта Азия осындай оқшау қалған уақытта әлемдік өркениеттен артта қала бастады. Бұрынғы жетістіктерін өркендеген заман ағысы басып кетті. Міне, осы кезеңде (XIX ғасырдың екінші жартысында) біршама дамыған Ресей империясы бұл аймақты өз құзырына ала бастады. Осыдан бастап аймақтың Қытаймен экономикалық байланыстарының орнын Ресей алмастыра бастады. Алайда, бұндай өзгерістер аймақ елдерінің экономикалық және әлеуметтік дамуына мүлде тиімсіз болды деп айту артық болар еді. Керісінше белгілі мәннен алып қарағанда, аймақтағы халықтың экономикалық байланыстарын қайтадан дамытуына мүмкіндік берді деуге болады.

Заман ағысының өзгерісі Патышалық Ресейдің күйреуіне әкелді. Міне, осы тұста Орта Азияның белсенді азаматтары ұлттық идеологияны ту етіп өз республикаларын құру жолына түсті. Бірақ, Кеңестік билік олардың ойының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде Ресей және Орта Азия саяси-экономикалық жүйесі қалыптасты. Деседе, коммунистік идеология аймақ халқының рухани-мәдени өмірін күй-

ретседе, экономикалық-әлеуметтік жағдайының дамуына тың серпін берді. Алғашында Қытай коммунистік партиясымен тығыз қарым-қатынаста болған Кеңестік билік 1960 жылдардан бастап арадағы байланысты үзді. Салдарынан Қытай мен Орталық Азияның экономикалық байланыстары іс-жүзінде іске аспады. Тек, олар тәуелсіздікке қолы жеткен соң ғана айналасындағы елдермен байланыс орната бастады. Міне осы кезде Ресей Федерациясы Кеңес Одағының мұрагері тұрғысынан аймақтың көш басшылық орнын біртіндеп босата бастады. Осы тұста Орталық Азиядағы тәуелсіз 5 мемлекет бірінен соң бірі Қытай Халық Республикасымен арадағы экономикалық қатынастарды дамытуға жол ашты (Ashok Sajjanhar. 2021).

Орталық Азияның тарихтан бері осындай империялардың қызығушылығын оятуы – оның Еуразияның орталығында орналасқан маңызды географиялық орны және мол табиғи ресурстық әлеуетінің болуымен байланысты болса керек. Бес елдің жалпы жер аумағы – 4,0017 млн км<sup>2</sup>, 2022 жылғы мәлімет бойынша халық саны – 72,4994 млн адам. Тығыздығы – 18,47 адам. Урбанизация деңгейі 48,16%. ЖІӨ көлемі – 277,420 млрд АҚШ доллары, жан басына шаққандағы ЖІӨ 3826,45 АҚШ доллары (Ma Haitao Sun Zhan. 2021)

Ал аймақтың табиғи ресурстық әлеуетіне келер болсақ, аса бай. Жүйеден, мұнай, табиғи газ, қара және түсті металдар қоры мол. Бұл абзалдылық жағдай тәуелсіз елдердің дамуына өзінің әсерін тигізді. Себебі, Одақ күйреген соң жас тәуелсіз елдер экономикалық және әлеуметтік тұрғыда дағдарысқа тап болды. Күнделікті тұрмыстық техника мен киім-кешек тапшы бола бастады. Міне осы тарихи кезеңде нарықтық экономикаға өткеніне не бәрі он жыл болған ҚХР біртіндеп дамып келе жатқан еді. Нарықтық сұраныс шикізатқа деген қажеттілікті арттырды. Сыртқы сауда да жаңа нарық пен транзиттік елдерді іздестіре бастады. Осы шешуші кезеңде Қытай аймақ елдерінің қажетін өтейтін басты нарыққа айланып шыға келді. Бұл тарихи ұсыныс пен сұраныс аймақ елдері мен Қытайдың қарым-қатынасын жаңа кезеңге бастады. Бұл қарым-қатынаста Қытайдың табысты болғаны анық. Өйткені, Қытай өкіметінің қолдауына ие болған орта-шағын және ірі кәсіпорындар «төмен баға» саясатын ұстанып тұрмыстық тауарлары, киім-кешектер мен техникалары, өндіріс құрал-жабдықтарын Орталық Азияға, Ресейге, Иран мен Батыс Азия нарығына жеткізді. Бұл нарықтық

заңында бұрын-соңды болмаған мемлекеттік меншіктегі «жеке меншіктік» саясат жергілікті жердің өндіріс нарығын жаулай бастады. Соның ең алғашқы теріс әсерін Орталық Азия елдері көрді. Олар Қытай экономикасының тасқыны астында өздерінің ұлттық өндірісін жоғалтып алды. Бұның бастапқы легінде Қазақстан тұрды. Ол өзінің мол пайдалы қазбалармен Қытайдың қызығушылығын оятты. Қытай Қазақстанның мұнай кеніштерін басқаруды қолына ала бастады. Одан соң, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдері де осындай үдеріске өте бастады. Аймақ елдері біртіндеп Қытайдың қаржы, техника және жұмыс күшіне тәуелді күйге түсті.

Орта Азия елдері тәуелсіздіктің біраз жылдарын артқа тастап, нарықтық қыспақтан шыға бастағанда өздерінің біршама мүмкіндіктерден айырылып қалғандарын сезді. Экономикалық тұрғыда Қытайға тәуелді болып қалғандарын білді. Осыдан соң, саяси тұрақтылықты, аумақтық тұтастықты сақтап қалудың маңызды екенін түсініп, дипломатиялық қарым-қатынастарды жан-жақты дамытуға кірісті. Сондай үдерістердің арқасында АҚШ және Еуроодақ елдерімен, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен және басқа да ықпалды елдермен байланыстарын дамытты. Бірақ Ресей аймақ елдерінің өзге елдермен арадағы байланысын өздерінің қалауынша дамытуына мүмкіндік бермей келеді. Бұған 2015 жылы ресемі құрылған «Еуразиялық экономикалық одақтың» әсері терең болды.

Қорыта айтқанда, ірі елдердің геосаяси ұстанымы олардың сыртқы саясатынан көрініс беріп отырады. Дәл сол секілді Қытайдың Орталық Азияға қаратқан экономикалық саясаты – Қытайдың сыртқы саясатынан көрініс тауып отыр. Себебі, Қытай өзін әлемдік деңгейдегі ықпал етуші елге айналуы жоспарлап отырған ел. Бұның өзі экономикалық жаһандану мен әлемдік геосаясаттағы Қытайдың көзқарасынан анық байқалып келеді. Сондықтан оның Орта Азияға қаратқан саясаты осы «Ұлы жоспардың» маңызды бір бөлімі болып саналады. Бұл жоспар сипаты тұрғысынан «қарапайымдықтан – күрделілікке, таяздан-тереңге» өтетін қытайлық дүниетаным негізінде құрылған. Мысалы 1990-шы жылдардың бірінші жартысында Қытай аймақ елдерімен арадағы қатынасты сыртқы сауда негізінде құрды. 2000-шы жылдардан бастап өндірістік бағытты ұстанып келеді. Бұл тарихи кезең «Үлкен батысты игеру» деп аталатын қытайдың экономикалық даму жоспарының орындалуымен сәйкес келді. Сондықтан Орта Азия

аймағының мол ресурстық әлеуетін осы «Үлкен батысты игеруге» пайдалану үлкен жоспардың маңызды бөлігі болатын.

Үлкен батысты игеру дегеніміз шын мәнінде Шынжаңды игеру болатын. Шынжаңды игеру немесе дамыту арқылы Қытай өкіметі айналасындағы елге экономикалық ықпалын арттыра түсті. Шынжаң дамуы аймақтағы елдермен арадағы байланысты тіпті де нығайта түсті. Осылайша Шынжаң осы аймақтың сыртқы саудасының басым көпшілігін ұстайтын экономикалық орталыққа айналды. Экономикалық мүдде мен бірге геосаяси қауіпсіздікті де ескерген қытай өкіметі «Шанхай ынтымақтастығы» ұйымын құрды (Bates Gill. 2003).

Қытай жоспарлы экономикадан нарықтық қатынасқа өткен 40 жылдан бері ЖІӨ үздіксіз жоғары өсім көрсетіп келді. Экономиканың дамуы өз кезегінде отын-энергетикалық ресурстарға деген сұранысты күшейтті. Бұл Қытайды сыртқы ресурстық елдерге болған ынтасын арттырды. Осындай себеп-салдар негізінде Қытай өзінің сыртқы энергетикалық стратегиялық даму тұжырымдамасын бекітті. Оның ішінде басқа елдерде көмірсутек кеніштерін өңдеуде қытай компанияларын қатыстыру саясаты аймақ елдеріне тікелей қатысты болды. Алайда, Қытайдың Орталық Азиядағы мүддесі бұнымен шектелмейді. Оның астарында Ресей және АҚШ-пен болған бәсекелестік мүддесі де бар. Олай деуіміз, ХХІ ғасырдың басында бұл аймаққа АҚШ қызығушылық танытқан болатын. Осыдан секем алған ҚХР-сы аймақтағы елдермен байланысты барынша тез әрі ұтымды жүргізе бастады. Соның арқасында егемендіктің алғашқы кезеңіндегі мүлде жоқ қарым қатынас 2010 жылдардан соң сыртқы сауда көлемі 40-50 еселенген деңгейге жетті. Бұл үлкен жетістік болатын. Бұл өз кезегінде аймақ елдерімен Ресей арасындағы сауда баланысына жақын көрсеткіш болды.

Соңғы жылдары Қытай мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынасы цифрландыру, жасыл технология және инновация бағытында жақсы дамып отыр. Аймақ елдері мен Қытай арасындағы сыртқы сауда 2021 жылы 17 миллиард АҚШ долларына жеткен. Тәуелсіздіктен бері Қытай аймақ елдеріне 40 миллиард АҚШ доллары инвестициясын құйған, оның жартысы Қазақстанға тиесілі ([www.akorda.kz/ru](http://www.akorda.kz/ru) 25 января 2022 года). Қытайдың Орталық Азиямен стратегиялық қарым-қатынасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қалыптасуымен жаңа даму сатысына көтерілді. Оның үстіне 2001 жылғы 11 қыркү-

йектегі оқиғалар және Ауғанстандағы және одан тыс жерлердегі терроризмге қарсы АҚШ бастаған соғыс Орталық Азияның Батыс үшін стратегиялық маңызын арттырды. Бұл өз кезегінде Қытайдың ұлттық қауіпсіздігіне, саяси және экономикалық мүдделеріне жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктер туғызды. Сондықтан Қытай аймақтағы елдермен барынша жақын қарым-қатынасқа басым бағыт берді.

Әлемдік деңгейдегі жаһанданудың қарқынды дамуы аймақтағы елдердің халықаралық қарым-қатынас аясын кеңейте түсті. Соның бір дәлелі соңғы жылдары Үндістанмен арадағы байланыстың нығаюы еді. Бұл ынтымақтастық «Орталық Азия + Үндістан» бағдарламасы деп аталды. Ынтымақтастықтың өзіндік себебі Үндістанның Орталық Азияның ресурстық, транзиттік және т.б. әлеуетіне болған қызығушылығынан туындап отыр. Бұдан сырт, аймақ елдері де Үндістанмен қарым-қатынасты дамытуға мүдделі. Бұл Үндістан экономикасының дамуы болатын. Адами ресурстық әлеуеті жоғары және ақпараттық технологиялар саласы дамыған Үндістанның жалпы ішкі өнімі соңғы жылдары тұрақты түрде жылына 7% өсіммен дамып отыр. Бұл жағдай Орталық Азия елдерінде қызықтырып отыр. Оның үстіне Үндістан өркениет, мәдени және тарихи аспектілер тұрғысынан да, геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды болып отыр.

Үндістан Орталық Азия мемлекеттері арасында сауда-экономикалық қарым-қатынастары бар болса да, біз күткендей аса жоғары деңгейде емес. Мысалы, Қытайдың бес елмен саудасы 2018 жылы 40 миллиард долларға жетті. Бұл сол жылы Үндістанның аймақпен саудасынан шамамен 20 есе көп. Қытай саудасының көп бөлігі оның энергетикалық ресурстарға деген тәбетімен байланысты. Қытай үкіметі бұл тұрғыда стратегиялық маңызы бар бірнеше жобаны жүзеге асыруға ниеттеніп отыр. Бұл: Қытай-Орталық Азия газ құбыры, Қытай-Қазақстан мұнай құбыры, Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан тас жолы және Қытай-Тәжікстан жолы (Ananth Krishnan. *India's China Challenge: A Journey through China's Rise and what it means for India*. India. Harper Collins: 2020. – 419 p. ). Үндістан мен Пәкістанның 2017 жылы «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына» мүше болуы арадағы байланыстың дамуына серпін берді. 2020 жылы Орталық Азия мен Үндістан арасындағы тауар айналымы 3 млрд АҚШ доллары болған. Бұл Үндістанның сыртқы сауда айналымының 1 % да жетпейді. Бұның ішінде Қазақстанның үлесі – 80 %. Орталық Азия мен

Үндістан арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытудың мүмкіндігі зор. Ол үшін көліктік транзитті дамыту қажет. Оған Орталық Азияның әлеуеті жетеді.

Үндістан мен Орталық Азияның республикалары арасында берік қарым-қатынасты орнату үшін екі жақты қарым-қатынастастың динамикасын ұғыну орынды. Үндістан барлық Орта Азия мемлекеттерімен достық қарым-қатынасқа ие. Алғашқыда Өзбекстан өңірінде басты әріптесі саналса, тұрақтылық, экономикалық және қауіпсіздік басымдықтары бойынша Қазақстан Үндістан үшін басты әріптеске айналды.

Алайда Үндістанның Орталық Азиядағы сыртқы саясатының бағыты осы аймақтағы ірі державалардың мүдделерінің өзара үйлесуімен байланысты болады. Бірақ, Орталық Азия мемлекеттерінің де мүддесімен санасу керек. Өйткені, аймақтағы елдер өздерінің саяси және экономикалық тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатында бейтараптық және көп векторлық саясаты қолданып келеді. Бұл саясаттың басты бір механизмі – аймақтағы ірі елдердің стратегиялық мүдделерін теңестіру болып табылады. Орталық Азияда Үндістанның тарих сахнасына шығуы олар үшін де жағымды болмақ. Өйткені, Орта Азия елдері экономикаларын әртараптандыру арқылы ірі мүдделі елдер арасындағы тепе-теңдікті сақтағысы келеді. Оның үстіне Үндістанның ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, қызмет көрсету салаларындағы жетістігі бар. Бұдан бөлек, Үндістан аймақтың оңтүстіктегі жолкөлік қуатын дамытуға мүмкіндік беретін ел.

Мүдделер тоғысқан аймақта өзгелерден кештеу келген Үндістан басқалар иелеп алған «жіліктің майлы басынан» онша үлкен үміт күтпейтіні белгілі. Сондықтан олар Орталық Азиядан өз орнын іздеуге тура келеді. Дегенмен, Үндістан мен Орталық Азия елдері арасындағы серіктестік үшін дәстүрлі және жаңа форматтағы мол мүмкіндіктер баршылық. Бұл мүмкіндіктер Үнді елінің жеткен жетістіктері мен техникалық деңгейіне байланысты болмақ. Алайда Үндістан мен Қытайдың бақталас елдер екенін ескергенде, олардың Орталық Азия аймағындағы мүдделерінің қандай бағытта дамидынын әзірге болжау қиын. Бұл жерде Түркиямен қырғи қабақ Иран елі де осы аймақтармен тығыз экономикалық қарым-қатынасы бар.

Ал енді Орта Азия Республикалары мен Түркия (түркі тілдес елдер ынтымақтастығы) арасындағы өзара сенім шараларын таразылайтын болсақ, оларды жақындастырып тұрған фактор-

ларды көре аламыз. Олардың қатарына: ортақ тіл мен мәдениет, дәстүр мен тарих және ортақ саяси мүддені жатқызуға болады. Тағы бір жағынан Түркия үшін жер асты ресурстарына бай одақтастарының болуы, әрине, тиімді. Қалай болмасын, ортақ мүдделердің болуы елдер арасындағы жан-жақты қарым-қатынастардың құндылықтар сипатында қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр.

Мемлекеттердің әлемдік экономикалық қарым-қатынаста белсенді ойыншы болуы көбінде сол елдің экономикалық, техникалық қуаты мен географиялық орналасуына да қатысты. Географиялық орын бойынша қарастырар болсақ, тікелей теңізге шыға алуы немесе шыға алмауының маңызы зор. Бір елдің аумағының теңізбен шайлып жатуы өз ресурстарын әлемдік нарыққа шығаруда қолайлылық әкеледі. Керісінше болғанда ресурстарын шығаруда айналасындағы өзге елдердің келісімін алуға тура келеді. Бұл тұрғыда Түркияның географиялық орны айрықша тиімді болса, Орта Азия елдерінің жағдайы мәз емес. Теңізге шыға алмауы бұл аймақтағы елдердің экономикалық қана емес, саяси тұрғыда белсенді болуына да мүмкіндік бермей отыр. Сондықтан аймақ елдерін геосаяси тұрғыда «жабық елдер» деп атауға болады. Түркия – осындай «жабық елдердің» ашық мүмкіндікке шығуына қол ұшын бере алатын мемлекет. Бұл түркі тілдес елдер арасындағы қарым-қатынастың тағы бір негізі болып табылады.

Түркі тілдес елдер географиялық және геологиялық құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты табиғи ресурстарға өте бай. Әсіресе Өзірбайжан, Қазақстан және Түркіменстан маңызды орында тұрады. Бұл елдердің құзырында дүниежүзілік мұнай мен табиғи газ қорының ең бай алқаптары орналасқан (Тимор, 2000). Шынжаң да ресурсқа төтенше бай өлке. Онда қоры 1 миллиард тоннаға жуық темір, алтын кеніштері мол көмір қоры бар. Мысалы, Қытайдың 1600 миллиард тонна көмір бар болса, осының тең жартысы Шынжаңда (Özey, R. 2006).

Түркі тілдес елдердің өзара ынтымақтастығы жыл өткен сайын дамып келеді. Түркі тілдес елдердің жан-жақты ынтымақтастығын дамыту мақсатында 2009 жылы халықаралық «Түркі кеңесі» құрылған. 2018 жылы қыркүйекте Қырғызстанда өткен саммитте Венгрия, 2019 жылы Бакуде өткен Саммитте Өзбекстан Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы кеңесіне мүше болды. 2021 жылдың қараша айында Ыстамбулда өткен саммитте «Түркі кеңесі» өзінің атын



«Түркі мемлекеттері ұйымы» деп өзгертті. Осы саммитте Түркіменстан бақылаушы мәртебесін алды (<https://www.turkkon.org>). Алайда, түркі халықтарының басының қосылуы дүниежүзінің қолдауына ие болатын құбылыс емес. Бірақ, ол түркі тілдес халықтар үшін ауадай қажеттілік. Бір өкінерлігі кезінде Кеңестік дәуірден қалған этникалық, шекара дауы, жер тапшылығы және климаттық су ресурстарына болған талас-тартыс мәселелері әлі жалғасын тауып келеді (R.Kurmanguzhin, A.Adibayeva, 2019). Соның нәтижесінде Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы, Өзбекстан мен Қарақалпақстан арасындағы кикілжіңдер күні бүгінге дейін сақталып келеді (M.R.Djalili, 2008).

Орта Азия елдері мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың даму болашағы туралы Еуразия ғылыми-зерттеулер институтының бұрынғы директоры, профессор Вакур Сумер мырзаның: «Қазақстан мен Түркия – ортақ өткені мен тағдыры бар Еуразияның екі мықты қанаты. Соңғы үш онжылдықта саясаттан экономикаға, мәдениет пен білімнен ғылымға дейінгі көптеген мәселелерде айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді. Екі ел арасындағы қатынастар мен интеграцияның үнемі өсіп келе жатқан құрылымы одан әрі жақындасуға нақты үміт ұялатады» (Сумер В., 2021), - деген пікірін басшылыққа ала отырып, аймақтағы елдермен Түркия арасындағы қатынастың баянды боларына сенеміз.

Аймақ елдерінің Иранмен қарым-қатынасы тарихтан бері бар. Көрші елдер арасында талай мәрте үлкен соғыстардың болғанын білеміз. Алайда, соңғы 100 жылдықтар кезеңін қарастырсақ, Кеңес одағы жылдары және тәуелсіздік жылдары деп шартты түрде бөлуімізге болады. Кеңес жылдары Иран Ислам Республикасы социалистік Кеңес Одағымен, батысшыл Түркиямен және әсіре діни ұстанымға ие Пәкістан арасындағы буферлік мемлекет сипатына ие болды (S. Hunter, 2003). Ол кезде Иран Орталық Азияның түркі-мұсылман және өзімен тілдес Тәжікстанмен жақын қарым-қатынас орната алмады. Екінші кезең тәуелсіздік кезеңінен бастау алды да алғашқы кезде біршама жақсы дамуға ие болды. Оның өзіндік себептері де бар еді. Соның бірнешеуіне тоқталар болсақ: аймақ елдерінің ұлттық экономикасын әртараптандыруға; оңтүстікте ашық теңізге шығуға; Ресейдің ықпалынан сәл болса да арылуға деген ұмтылыстарын атауға болады. Одақтың ыдырауы сол «сақтықты» ұмыттырып, аймақ елдерімен еркін байланыс жасауға және Каспи теңізін барынша пайдала-

нып қалуға мүмкіндік берді (Dmitry Shlapentokh, 2013). Бірақ ислам революциясының әсерінен сақтануды көздеген аймақ елдері исламдық режиммен қарым-қатынас орнатудан өте сақтық таныта білді. Оның үстіне Орталық Азия елдерінің Иранның «саяси исламының» дамуынан сақтануына АҚШ-тың саяси қысымының әсерін жоққа шығаруға болмайды. Иранның Орталық Азия елдерімен арадағы қарым-қатынастың әлсіреуіне тағы бір себеп – 1990 жылдардың аяғында Иранның Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) сияқты халықаралық құрылымдардағы өз орнын нығайту мақсатында Израильмен арадағы қатынасты дұрыс жолға қоймауы Орталық Азия үкіметтерінің келіспеушілігін тудырды. (K.V.Markov, 2004).

Ғаламдық дүрбелеңдер жыл өткен сайын ұшығып отырған жаңа ғасыр басынан бері, Иран өзінің геосаяси ықпалын тереңдету үшін АҚШ пен Батыс елдеріне қарсы өзінің мүдделес топтарын айналасына жинауды мақсат етіп отыр. Оның ішінде Ресейді, Үндістанды, Қытайды және Азияның басқа мемлекеттері де бар. Иранның мұндағы басты қаруы – мұнай мен газ және басқа да әлеуметтік ресурстар болмақ. Алайда, әрбір ірі ойыншының өз мақсаты мен мүддесі болғандықтан бәрінің бірден бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара қоюы екіталай. Оны қазіргі өмірдің шынайы көріністерінен көріп отырмыз.

Мүдделер тоғысқан Орта Азияның геосаяси және геоэкономикалық кеңістігінде өзара мүдделес елдердің болуы сыртқы ықпал етуші елдер үшін өте маңызды болып саналады. Мысалы, Иранның аймақта экономикалық және саяси тұрғыда белсенді ойыншы болуы бұл аймақтағы өзге ықпалды елдердің мақсат-мүддесіне сай келе бермейді. Әсіресе, АҚШ, Ресей, Қытай және Түркия Республикалары оны құп көрмесі бесенеден белгілі. Себебі, халықаралық қауымдастық Иранды «тынышсыз» ел ретінде таниды және Ауғанстанның ішкі жағдайына тікелей әсер етуші ел ретінде қарастырады.

Аймақ елдерінің Иранмен қарым-қатынасы әр түрлі. Бұл көршілік немесе экономикалық интеграцияға байланысты болса керек. Мысалы, Қазақстан мен Түркіменстан Иранмен жақсы қатынаста. Мысалы Қазақстан Каспий арқылы сыртқы саудасын дамытып отыр. Ал оның маңызды сауда серіктесі ретінде Тәжікстанның Иранмен байланысы жаман емес. Қырғызстанмен сауда қарым-қатынастары тым мардымсыз. Ал Өзбекстанмен қарым-қатынасы нашар. Ол мүмкін өзбек билігінің әсіре исламдық көзқа-

растан сақсынуы немесе Батыс елдерімен, әсіресе АҚШ-пен қатынасты сақтауына байланысты болар.

Орталық Азияның геосаяси жағдайына қатысты тағы бір маңызды ел – Ауғанстан Әмірлігі. АҚШ әскерилерінің шығуына байланысты 2021 жылы талибандар билікке оралды. Әлемдік орта мойындамаған топтың билік басына оралуы аймақта жалғасты тұрақсыздық орнауы мүмкін деген күдікке себеп болды. Бұл күдік жүйеден Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері үшін жоғары болды.

### Қорытынды

Орта Азия елдерінің геосаяси және геэкономикалық тұрғыда түсіну үшін, олардың жеке даму тарихы мен қоғамдық-экономикалық ерекшеліктерін қарастырудан бөлек, ықпал етуші елдердің де салмағын саралау қажет. Сонда ғана аймақтың қазіргі жағдайы мен болашағына дұрыс болжам жасауға болады. Олардың Орталық Азия елдерінің жалпы экономикалық-географиялық жағдайына талдау жасау арқылы өзара қарым-қатынастары мен даму бағыттарының түрліше екендігіне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ, аймақ елдерінің өз мақсат-мүдделері бар. Сыртқы әсер етуші елдердің оларға қарама-қайшы немесе сай келетін мүдделері де бар. Аймақтың жалпы саяси мүдде тұрғысынан қарағанда, жоғары да аталған алып державалар өздерінің ықпалын осы аймақта арттырғысы келеді, алайда, аймақта тұрақсыздық болуын қаламайды. Тек өздерінің қажеттіліктерін алып, ықпалын күшейтіп отыруды басты мақсат етеді. Бірақ аймақ елдері болса, ірі державалардың аймақта шынайы және әділ экономикалық және саяси бәсекелестік жағдайдың орнап, олармен тең құқылы, бейбіт өмір сүргісі келеді. Бұл талпыныстар аймаққа ықпал етуші күштер арасында түрлі пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуына әсер етіп отыр. Оның үстіне аймақ елдері арасындағы өзара түсінбеушілік жағдайлар кей-кезде сыртқы күштердің пайдасына шешіліп те жатыр. Сондықтан аймақ елдері арасындағы теке-тірестерді ең алдымен шешіп алмай, ортақ, бір мақсатпен сыртқы ойыншыларға бірлесе жауап берудің өзі қиынға соғады.

Кең ауқымда қарастыратын болсақ, Орталық Азия аймағы ежелгі ашылған аймақ болғанымен, қазіргі әлемдік үдерістердегі жағдайда сыртқы әлемге қайта ашылып жатқан жаңа аймақ секілді. Себебі, ол өзінің тәуелсіздігін алған

жас мемлекеттер сипатында әлемдік геосаяси және геээкономикалық алаңға қосылды. Оның бұл үдерістегі тарихы не бәрі отыз жыл ғана. Бұл өзі жас мемлекеттер үшін дамудың жаңа жолын бастауға ынталандырып отыр. Аймақтың көп үміт артарлық байлығы мен байланыс мүмкіндіктері оны әлемнің көптеген елдерінің геосаяси мүдделерінің объектісіне айналдырады, сәйкесінше, аймақ әлемдік және аймақтық күш орталықтарының мүдделері арасындағы қақтығыс орнына айналады деп бағалауға да болады.

Жалпы алғанда осы мақала арқылы аса ауқымды тақырыпты барынша шағын әрі түсінікті тілде зерттеуге тырыстық. Себебі, аймақтың шиленісті мәселелері көп. Осы мәселелерді шешу үшін біз алдағы уақытта жан-жақтылы зерттеу жасауды қолға аламыз. Оның басты бағыттары ретінде төмендегідей маңызды түйіндерді атап көрсетуге болады:

- Қытай-Орталық Азия дипломатиясының қазіргі жағдайы;

- Орталық Азия – Қытай: тұрақты даму мен ұлттық қауіпсіздік мәселесі;

- Қытай-Орталық Азияның энергетикалық даму мен энергетикалық нарықтағы мүдделері;

- Үндістан мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастарының қазіргі даму деңгейі және даму болашағы;

- Орталық Азия елдері мен Түркияның, әсіресе түркі тілдес елдер арасындағы қарым-қатынастың даму беталысы және оған қарата Ресейдің ұстанымы;

- Ресейдің Орталық Азия аймағына қаратқан геосаясатының жаңа даму бағыты және оның әлемдік қауіпсіздік тұрғысынан әсері;

- Иранның Орталық Азия елдерімен байланысының қазіргі ерекшеліктері және Ауғанстаннан келетін қауіп-қатерге байланысты Орталық Азия елдерінің ұстаным мен аймаққа ықпал етуші ірі елдердің қаратқан көзқарасы;

- АҚШ және Батыс елдерінің ұстанған ұстанымы мен сыртқы саясаты.

Аталған мәселелердің өзінен-ақ аймақтағы елдер үшін шешуге тиісті түйіндердің көп әрі күрделі екенін аңғару қиын болмас. Жалпы беталыс бойынша алып қарағанда, Орталық Азия елдері мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастың баянды түрде дамитындығы анық болып отыр. Бұл үстегі жылдың мамыр айында Қытайдың Сиань саммитіндегі кездесуден аңғаруға болады. Жақын болашақта аймақ елдерінің өзара ішкі мәселесін шешуінің

мүмкіндігі мол. Оған сыртқы күш басымының соңғы жылдары белең алуы себеп болары анық. Оның үстіне бүгінгідей жаһандану жағдайында Орта Азия елдерінің сыртқы әлемнен мүлде қол үзіп кетпесі анық. Бұл әлемдік қауымдастықпен, маңайдағы көршілермен қарым-қатынасын ретке келтіруге мүдделі екендігін көрсетеді. Аймақтың әлемдік интеграцияға тартылуы осы өңірдегі елдер үшін қандай қажет болса, табиғи ресурстық әлеуеті мықты, стратегиялық орынға ие аймақтың әлем үшін де маңызы зор.

Сиань саммитіндегі келісімдер өміршең болуы бек мүмкін. Себебі – Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы аймақ елдерінің ұлттық даму бағдарларымен сәйкесіп, бірін-бірі толықтыру мақсатында жұмыс жасауға үйлесім тауып отыр. Мысалы, «Қытай-Орталық Азия саммитінің Сиань декларациясында» былай деп жазылған: The Parties highly appreciate the importance of the “One Belt, One Road” joint construction initiative for the development of international cooperation. Celebrating the 10th anniversary of the Initiative as a new starting point, the Parties express their readiness to strengthen its harmonization and alignment with the initiatives and national development strategies of the Central Asian states, including the New Economic Policy of the Republic of Kazakhstan “Nurly Zhol”, the National Development Program of the Kyrgyz Republic until 2026 d., the National Development Strategy of the Republic of Tajikistan for the period up to 2030, “Revival of the Great Silk Road” of Turkmenistan and the Development Strategy of New Uzbekistan for 2022-2026, to strengthen practical cooperation in various fields in order to form a new architectonics of cooperation, characterized by a high level

of complementarity and mutual benefit ([www.newscentralasia.net/2023](http://www.newscentralasia.net/2023)).

Алып державалардың болашақтағы ОАА-дағы ықпалына болжам жасар болсақ, Қытайдың ықпал-күшінің таяу болашақта артары анық болып тұр. Бұл әсіресе, Ресей-Украина соғысынан кейін көрініс тауып, Сиань саммитінен соң тіпті де айқындала түсті. Әрине, бұлай болуына АҚШ пен Ресейдің қарсы болары анық. Бірақ, аймақ елдері үшін дәл қазіргі кезде Қытайдың экономикалық, қаржылық және әскери тұрғыда көмегі анағұрлым қажет болып отыр.

Қорытып айтқанда, ірі державалардың ОАА-ын ықпалында ұстауға бағытталған бәсекесі күшейе берсе, ол түптеп келгенде, Орталық Азия елдерінің өз елін тиімді басқару жүйесіне кедергі келтіреді. Себебі, бұндай бәсекелестік ОАА-дағы геосаяси қарама-қайшылықты ушықтырады, басқару жүйесіне күрделірек қиындықтар туғызады және аймақтағы тәртіпсіздік қаупін күшейтеді. Сондай-ақ, алпауыт елдердің аймақтағы бәсекесі ОАА елдерінің көпвекторлы саясатын әлсіретуі немесе оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюы да бек мүмкін. Бұл ОАА елдерінің тұрақтылығына игі ықпал ететіндей жаңа үлгідегі аймақтық ынтымақтастық құрудағы бірлескен күш-жігері мен түпкілікті мүдделеріне әсте тиімді емес.

#### Алғыс сөз

Бұл мақала: ЖТН АР19679663 «Орта Азияның қазіргі геосаяси кеңістігіндегі мүдделер ықпалдастығы: Экономикалық интеграция және ұлттық қауіпсіздік факторлары» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасының зерттеу нәтижелері негізінде жазылды.

#### Әдебиеттер

- Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020  
Ananth Krishnan. (India. Harper Collins: 2020). India’s China Challenge: A Journey through China’s Rise and what it means for India. 419 p.
- Ashok Sajjanhar. China-Central Asia relations: An uneasy co-existence / Observer Research Foundation MAR 10 2021).
- Bates Gill. China’s New Journey to the West: China’s Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests (CSIS Reports) Paperback – Publisher: † «Center for Strategic & International Studies» August 20, (2003). – 64 p Language : †English. ISBN-10
- Dmitry Shlapentokh. Turkmenistan and military buildup in the caspian region: A small state in the post-unipolar era. Journal of Eurasian Studies Volume 4, Issue 2, (July 2013), Pages 154-159.
- K.V. Markov, «Iran i postsovetskie respubliki Tsentral’noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia» [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in Central Asia in the System of International Relations (Mocow: Institut Vostokovedeniiaa: 2004), 279-300
- M.R. Djalili., (2008), «L’Iran et la Turquie face à l’Asie centrale», Journal for International & Strategic Studies 1, 13-19.

Ma Haitao Sun Zhan. The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. Geographical Sciences. Vol.76, No.2, (February, 2021), 367-382 p

Maximilian Hess, (2020), Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?. Orbis Volume 64, Issue 3, Pages 421-433

Özey, R. (2006). Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar, Aktif Yayınevi, İstanbul.). <https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda>

R. Kurmanguzhin, A.Adibayeva. About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70). 2019 <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz>

S. Hunter. «Iran's Pragmatic Regional Policy», Journal of International Affairs 56 (2) (2003): 133-147

Sh.Qadri., Central Asian Integration and Regional Development. – A Greater Central Asian Approach // (The Journal of Central Asian Studies 2017), – Volume XXIV. – 43-57 p.

Timor, A.N.(2000). «Hazar Denizi Bölgesi Petrol ve Doğal Gaz Kaynakları», Coğrafya

Ақметжанов Д., Алимжанова А. Ұлы Жібек Жолы мәдениеттерінің өзара әсері. Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (68). 120-128 б. (2019) Al-Farabi Kazakh National University

Глисон Г., (2021), Көп полиарлы әлемдегі АҚШ пен Қазақстан арасындағы екі жақты қатынастар // Kazakhstan Journal of Foreign Studies. № 1-2 (01-02). – 25-43 бб.

Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите глав государств «Центральная Азия – Китай» <https://www.akorda.kz/ru/25-yanvara-2022-goda>.

Сумер В. Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы // Kazakhstan Journal of Foreign Studies. – (2021. – № 1-2(01-02). – 54-63 бб.

## References

Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020

Akhmetzhanov D. Alimzhanova A. Uly jibek joly madenietining ozara asery. Khabarshy. Filosofia, madenyettanu, sayasattaanu seriyasy. №2 (68). 120-128 b. (2019) Al-Farabi Kazakh National University

Ananth Krishnan. (India. Harper Collins: 2020). India's China Challenge: A Journey through China's Rise and what it means for India. 419 p.

Ashok Sajjanhar. China-Central Asia relations: An uneasy co-existence / Observer Research Foundation MAR 10 2021).

Bates Gill. China's New Journey to the West: China's Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests (CSIS Reports) Paperback – Publisher: [«Center for Strategic & International Studies» August 20, (2003). – 64 p Language : [English. ISBN-10

Dmitry Shlapentokh. Turkmenistan and military buildup in the caspian region: A small state in the post-unipolar era. Journal of Eurasian Studies Volume 4, Issue 2, (July 2013), Pages 154-159.

Glison G. (2021), Көп полиарлы әлемдегі АҚШ пен Қазақстан арасындағы екі жақты қатынастар // Kazakhstan Journal of Foreign Studies. № 1-2 (01-02). – 25-43 бб.

K.V. Markov, “Iran i postsovetskie respubliki Tsentral’noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia” [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in Central Asia in the System of International Relations (Moscow: Institut Vostokovedeniia: 2004), 279-300

<https://www.newscentralasia.net/2023/05/20/xian-declaration-of-the-china-central-asia-summit>

M.R. Djalili, “L'Iran et la Turquie face à l'Asie centrale,” Journal for International & Strategic Studies 1 (2008), 13-19.

Ma Haitao Sun Zhan. The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. Geographical Sciences. Vol.76, No.2, (February, 2021), 367-382 p

Maximilian Hess.(2020), Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?. Orbis Volume 64, Issue 3, 421-433p

Özey, R. (2006). Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar, Aktif Yayınevi, İstanbul.).<https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda>

Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите глав государств «Центральная Азия – Китай» <https://www.akorda.kz/ru/25-01-2022-goda>.

R. Kurmanguzhin, A.Adibayeva. About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70). 2019 <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz>

S. Hunter, «Iran's Pragmatic Regional Policy», Journal of International Affairs 56 (2) (2003): 133-147

Sh.Qadri. Central Asian Integration and Regional Development. – A Greater Central Asian Approach //( The Journal of Central Asian Studies. – 2017). – Volume XXIV. – 43-57 p.

Сумер В. Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы // Kazakhstan Journal of Foreign Studies. – (2021. – № 1-2(01-02). – 54-63 бб.

Timor, A.N.(2000). «Hazar Denizi Bölgesi Petrol ve Doğal Gaz Kaynakları», Coğrafya.